

Әлемдегі ең үздік 10 кинотеатр

Орындаған: Садықова Мөлдір

Группа: Деф-15-3



Мультиплекстер мен үй кинотеатрларының көптігіне қарамастан тәуелсіз "кино үйлерін" ештеңе де алмастыра алмайды. Бұл сөзімізді залдары лық толған кинотеатрлар дәлелдеп бере алады. Жуырда ғана әлемдегі ең үздік 10 кинотеатрдың тізімі жасалды. Ендеше таныс болыңыз!



1. KINO-PIONIER (Щецин, Польша). Кинотеатрға бас сұғып көрген туристер "қайғы атаулыны ұмытуына болатын әлемдегі жалғыз кинотеатр" деген баға берген екен.



2. *EROS CINEMA* (Мумбаи, Үндістан). 1938 жылы ашылған. Бұл салтанатты ғимарат “ар деко” стилінде салынған. Оның фойесі қара және ақ мәрмәрдан жасалған.



3. ВУЕНС ЛУС (Христиания, Дания). Кинотеатрдың басты құндылығы еденінің құмнан жасалуында жатыр. Келушілерге балмұздақ, алма бәліші, шәй, кофе беріледі.



4. HOOSIER THEATRE (Уайтин, Индиана штаты, АҚШ). Кино басталмас бұрын адамдар би билеп, көңіл көтеріп алады.



5. MUSIC BOX THEATRE (Чикаго, Иллинойс штаты, АҚШ). Бұл кинотеатрға жүйке жүйесі нашар адамдардың келуіне болмайды. Өйткені қараңғы залдарда кино үйінің менеджері мен басқарушысының елестері жүретін көрінеді.



6. AGNES B. CINEMA! (Гонконг,Қытай). Сыншылар кинотеатрға "француздықтар мен жапондықтар кездесетін жалғыз ғимарат" деп баға берген. Мұнда тек қана ескі фильмдер көрсетіледі.



7. EMBASSY THEATRE (Веллингтон, Жаңа Зеландия). 1920 жылы ашылған. Дәл осы жерде "Сақиналар әміршісі" фильмінің тұсаукесері өткен болатын.



8. CASA DA CULTURA LAURA ALVIM (Rio-de-Janeiro, Бразилия) жағалауға қарама-қарсы орналасқан. Адамдар күнге қыздырынып болған соң залға кіріп демалады.



9. ASTOR THEATRE (Мельбурн, Аустралия). Халық ең көп жиналатын және ең көп фильмдер берілетін кинотеатр.



10. “АВРОРА” (Санкт-Петербург, Ресей). Кинотеатр жаңа классикалық үлгіде салынған және оған қайта өрлеу дәуіріне жататын мүсіндер қойылған.

Назар аударғандарыңызға
рахмет!